

2021 жылғы мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызмет есебі жөнінде ашық талқылаулары туралы мәлімет

2022 жылдың 24 қаңтарындағы №14 бұйрығына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процестеріне талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды өзара танысып талдау жұмыстары жүргізілгенін мәлімет етеміз. Талдау жұмыстарында әр бөлімге тоқталып, мемлекеттік қызметтерге әдістемелік ұсынымдарда көрсетілген қосымшаларына сәйкес жұмыстар жүргізіледі.

«Мемлекеттік қызмет көрсету» туралы Заңының орындалуы қазіргі уақытта ерекше назарға алатын сапалы, тиімді қызмет көрсетілуде.

2021 жылдың ашық талқылау қорытындысы бойынша «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық негіздемесіне қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметі 75 рет, «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызметі 2 рет, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау» қызметі 2 рет көрсетілді. Биылғы жылы бүкіл елде пандемия болғандықтан жаңа оқу жылына оқушыларды қашықтықтан қабылдау үшін WhatsApp messages арқылы топтар құрылып және akmol.kz, «Egov» порталы арқылы құжаттарды қабылдап, «Мемлекеттік қызмет көрсету» жұмысы қарқынды, белсенді қызмет жасалды.

Сонымен қатар, «Электронды мемлекеттік қызмет көрсету жүйесі - Egov» тақырыбында бейнесабак жүргізілді.

Қосымша: фотосеппен

2019 жылдан бастап мектеп-интернаттың 1 қабатының 105 кабинетінде «Egov» бұрышы ашылып, жұмыс жасауда.

Қосымша: фотосеппен

Мектепте "өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышын" ашудың негізгі мақсаты:

1. Мемлекеттік қызметтерді электрондық түрде көрсету және мектеп қызметкерлерінің цифрлық сауаттылығын арттыру болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының электрондық үкімет порталы арқылы "Egov.kz" мектеп қызметкерлерінің ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) болған жағдайда ХҚКО-ға жүгінбей-ақ мемлекеттік қызметтерді электрондық түрде алу мүмкіндігін арттыру және жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік қызметтерді мобильді азаматтар базасында тіркелу арқылы бір реттік SMS-пароль арқылы алуға болады.

4. Қызметкер өзінің жеке кабинетіне кіріп, тұрғын үй кезегін, әкімшілік айыппұлдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымды, зейнетақы аударымдарын және т. б. көре алады.

Сондай-ақ үйде интернетке қол жеткізе алмайтын жаңадан келген оқушылардың ата-аналары (көрсетілетін қызметті алушылар) мектептегі "өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышын" белсенді пайдаланады.

"Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы" принтермен, сканермен жабдықталған, сондай-ақ электрондық үкімет "Egov.kz" порталында тіркеудің қадамдық нұсқаулығы бар стенд бар.

Мектепте Egov.kz порталында анықтамаларды өз бетінше алу бойынша қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.





